

Алматы қаласы бойынша 2009 жылға қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы

Күшін жойған

IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының XIV сессиясының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 160 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2009 жылғы 26 қаңтарда N 806 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2009 жылғы 30 қарашадағы N 261 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXIII сессиясының 2009.11.30 N 261 шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 495 бабы 9 тармағына және Қазақстан Республикасы Экологиялық Кодексінің 19 , 101 баптарына сәйкес IV сайланған Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Алматы қаласы бойынша 2009 жылға қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкалары бекітілсін.

2. IV сайланған Алматы қаласы мәслихаты VI сессиясының 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 60 "Алматы қаласы бойынша 2008 жылға қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы" шешімнің (Әділет органдарында 2007 жылдың 25 желтоқсанында N 763 тіркелген, "Вечерний Алматы" N 307 газетінде 2007 жылдың 29 желтоқсанында және "Алматы Ақшамы" N 156 газетінде 2007 жылдың 29 желтоқсанында жарияланған) күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

3. Осы шешім оны алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының экология, денсаулық сақтау және төтенше жағдайлар мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы (Т.Ә. Ізмұхамбетов) және Алматы қаласы әкімінің орынбасары А.С. Сманкүловқа жүктелсін.

*IV сайланған Алматы қаласы
мәслихаты XIV сессиясының
төрағасы К. Қазанбаев*

*IV сайланған Алматы қаласы
мәслихатының хатшысы Т. Мұқашев*

*IV с а й л а н ғ а н
А л м а т ы қ а л а с ы м ә с л и х а т ы н ы ң*

Алматы қаласы бойынша қоршаған ортаны ластағаны үшін 2009 жылға арналған төлемақы ставкалары

1. Төлемақы ставкалары, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК) мөлшеріне негізделіп және 6-тармақтағы ережені ескеріле отырып айқындалады.

2. Тұрақты көздерден ластағыш заттардың шығарындылары үшін төлемақы ставкалары мынаны құрайды:

P/c N	Ластағыш заттардың түрлері	1 тонна үшін төлемақы ставкалары (АЕК)	1 килограмм үшін төлемақы ставкалары (АЕК)
1	2	3	4
1.	Күкірт тотықтары	20	
2.	Азот тотықтары	20	
3.	Шаң және күл	10	
4.	Қорғасын және оның қосындылары	3986	
5.	Күкіртсутек	124	
6.	Фенолдар	332	
7.	Көмірсутектер	0,32	
8.	Формальдегид	332	
9.	Көміртегі тотықтары	0,32	
10.	Метан	0,02	
11.	Күйе	24	
12.	Темір тотықтары	30	
13.	Аммиак	24	
14.	Алты валентті хром	798	
15.	Мыс тотықтары	598	
16.	Бенз(а)пирен		996,6

3. Қозғалмалы көздерден атмосфералық ауаға ластағыш заттардың шығарындылары үшін төлемақы ставкалары мыналарды құрайды:

Рет N	Отын түрлері	Пайдаланылған отынның 1 тоннасы үшін ставка (АЕК)

1	2	3
1.	Этилденбеген бензин үшін	0,66
2.	Дизель отыны үшін	0,9
3.	Сұйытылған, сығылған газ үшін	0,48

4. Ластағыш заттардың шығарындылары үшін төлемақы ставкалары мыналарды құрайды:

Рет N	Ластағыш заттардың түрлері	1 тонна үшін төлемақы ставкалары (АЕК)
1	2	3
1.	Нитриттар	1340
2.	Мырыш	2680
3.	Мыс	26804
4.	Оттегіне биологиялық сұраныс	8
5.	Тұзды аммоний	68
6.	Мұнай өнімдері	536
7.	Нитраттар	2
8.	Жалпы темір	268
9.	Сульфаттар (анион)	0,8
10.	Өлшенген заттар	2
11.	Синтетикалық бетүсті-белсенді заттар	54
12.	Хлоридтер (анион)	0,2
13.	Алюминий	54

5. Өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастырғаны үшін төлемақы ставкалары мыналарды құрайды:

Рет N	Қалдықтардың түлері	Төлемақы ставкалары (АЕК)	
		1 тонна үшін	1 гигабеккерель (Гбк) үшін
1	2	3	4
1.	Өндіріс пен тұтынудың қалдықтарын полигондарда, жинақтауыштарда, санкцияланған үйінділерде және арнайы берілген орындарда орналастырғаны үшін:		
1.1.			

	Коммуналдық қалдықтар (тұрмыстық қатты қалдықтар, тазарту құрылғыларының кәріздік тұнбасы)	0,38	
1.2.	Қауіптілік деңгейін ескере отырып, өнеркәсіптік қалдықтар:		
1.2.1.	"қызыл" тізім	14	
1.2.2.	"янтарь" тізім	8	
1.2.3.	"жасыл" тізім	2	
1.2.4.	жіктелмегендер	0,9	
1.3.	Бұдан басқа:		
1.3.1.	аршынды жыныстар	0,004	
1.3.2.	жанас таужыныстары	0,026	
1.3.3.	байыту қалдықтары	0,02	
1.3.4.	шлактар, шламдар	0,038	
1.3.5.	күл мен күлшлактар	0,66	
1.3.6.	ауыл шаруашылығы өндірісінің қалдықтары	0,018	
2.	Радиоактивтік қалдықтарды орналастырғаны үшін, гигабеккерельмен (Гбк):		
2.1.	Трансуранды		0,76
2.2.	Альфа-радиоактивті		0,38
2.3.	Бета-радиоактивті		0,04
2.4.	Шынақты радиоактивті көздер		0,38

6. Мынадай коэффициенттер қолданылады:

1) коммуналдық қызметтерді көрсеткен кезде түзілетін эмиссия көлемі үшін табиғи монополия субъектілері мен Қазақстан Республикасының энергия өндіруші ұйымдары үшін осы бапта белгіленген төлемақы ставкаларына:

2-тармақта – 0,3 коэффициенті;

4-тармақта – 0,43 коэффициенті;

5-тармақтың 1.3.5. жолында – 0,05 коэффициенті;

2) коммуналдық қалдықтарды орналастыруды жүзеге асыратын полигондар үшін тұрғылықты жері бойынша жеке тұлғалардан жиналған тұрмыстық қатты қалдықтардың көлемі үшін 6-тармақтың 1.1.жолында белгіленген төлемақы ставкасына 0,2 коэффициенті.

7. Осы баптың 6-тармағында көзделген коэффициенттер қоршаған ортаға эмиссиялардың нормативтерден тыс көлемі үшін төленетін төлемақыға қолданылмайды.

*IV сайланған Алматы қаласы
мәслихаты XIV сессиясының
төрағасы К. Қазанбаев*

*IV сайланған Алматы қаласы
мәслихатының хатшысы Т. Мұқашев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК